

## **«ЦИФРЛЫҚ АВТОКРЕДИТТЕУ» БАНКТІК ҚАРЫЗ ШАРТЫ**

Осы «Цифрлық автокредиттеу» банктік қарыз шарты (әрі қарай - Шарт) «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, әрі қарай «Банк» деп аталады, және **«Қарыз алушы»** және **«Бірлесіп қарыз алушы»** (Бірлесіп қарыз алушы туралы Шарттың барлық шарттары ол болған жағдайда қолданылады), екінші тараптан, арасында жасасылды, әрі қарай бірлесіп «Тараптар» деп аталады.

Шарт Тараптардың арасында "Цифрлық автокредиттеу" банктік қарыз шартына қосылу туралы Өтінімге (бұдан әрі – Өтінім) қол қою және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес шарт жасасу үшін қажетті құжаттарды ұсыну арқылы жасалады. Өтінімге Тараптар саны бойынша данада, электрондық-цифрлық нысанда қол қойылады, Тараптардың әрқайсысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және қол қойылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз тасымалында қол қойылған құжатпен бірдей деп есептелетін электрондық құжат болып табылады.

Шарт пен Өтінім электрондық-цифрлық нысандағы Банктік қарыз шартының (қосылу шарты) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тараптармен бірлесіп жасасылған деп есептеледі. Өтінім және оған қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Қарыз алушы, Бірлесіп қарыз алушы тиісті түрде толтырған және қол қойған Өтінімді ұсыну аталған тұлғалардың осы Шарттың талаптарымен танысқанын және толық келісетінін, сондай-ақ аталған тұлғалардың Шартқа тұтастай қосылғанын білдіреді. Банктің Қарыз алушы мен Бірлесіп қарыз алушы қол қойған Өтінімді қабылдауы Шарттың жасалғанын растайтын факт болып табылмайды. Шарт Банк Өтінімге қол қойған сәттен бастап жасасылған деп есептеледі.

### **ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР:**

Осы Шарттың мақсатында, егер мәнмәтіннен өзгедей тікелей туындамаса, мынадай мағынасы бар терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

1. **Сыйақы** - Қарыз есебінен алынған ақшаны пайдаланғаны үшін төлемақы;
2. **Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (СЖТМ)** - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес есептелетін, Банктің қызметтері бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін Сыйақы мөлшерлемесі;
3. **Берешек** - негізгі борыш сомасы, есептелген, бірақ төленбеген Сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар, өсімпұлдар және Шартта көзделген Қарыз алушы төлеуге тиіс өзге де төлемдер;
4. **Қарыз алушы** - Шарт жасасқан, Қарыз алған және алынған ақшаны қайтару және алынған Қарызды, оның ішінде Сыйақыны және Қарыз бойынша басқа да төлемдерді толық төлеу жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайтын жеке тұлға;
5. **Жеке Кабинет** - Интернет желісіндегі мына мекенжай бойынша бет <https://freedombank.kz/> қол жетімділігі сайтта Қарыз алушыны авторландыру арқылы жүзеге асырылады <https://freedombank.kz/> Қарыз алушыға Банк айқындаған банк қызметтерін ұсынуға және өзге де мақсаттарға арналған;
6. **Телефон нөмірі** - Өтінімде көрсетілген Қарыз алушының/Бірлесіп қарыз алушының ұялы телефон нөмірі;
7. **Ақпараттандыру объектілері** - электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары, интернет ресурстары және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым болып табылады;
8. **Төлем құжаты** - оның негізінде Банк Қарыз алушының нұсқауы бойынша қарыз есебінен алынған барлық ақшаны олардың арасында жасалған Сатып алу-сату шарты бойынша Сатушыдан сатып алынған Автомобиль көлік құралын төлеу үшін шоттан Сатушының шотына аударатын төлем құжаты;

9. **Сатушы** - Қарыз алушы Қарыз есебінен алынған ақшаға Автомобиль көлігін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

10. **Бірлесіп қарыз алушы** - Өтінімге қол қойған және Қарыз алушымен бірге қажетті құжаттарды ұсынған, Шарт бойынша Қарыз алушы алған ақшаны қайтару және алынған Қарызды, оның ішінде Сыйақыны және Қарыз бойынша басқа да төлемдерді толық төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуына ортақ жауапты ретінде әрекет ететін жеке тұлға. Бірлесіп қарыз алушының Шарт бойынша, Қарыз алу құқығын қоспағанда, сондай құқықтары болады және Қарыз алушы Шарт бойынша иеленетін және мойнына алатын міндеттемелерді мойнына алады;

11. **Шот** - деректемелері Өтінімде көрсетілген, Банкте ашылған Қарыз алушының ағымдағы шоты;

12. **Сатушының шоты** – деректемелері Өтінімде көрсетілген Сатушының ағымдағы шоты.

## **1. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ**

1.1. Тараптардың Өтінімге қол қойған күні Шарт жасалған күн болып табылады. Шарттың тіркеу нөмірі Өтінімнің тіркеу нөмірі болып табылады.

1.2. Осы Шарттың шеңберінде Қарыз алушыға банк сәйкестендіру деректері өтініште көрсетілген автомобиль құралын (бұдан әрі – Автомобиль) сатушыдан сатып алуға, сондай – ақ автомобиль сатып алуға байланысты мынадай шығыстарды төлеуге қарыз (бұдан әрі және мәтін бойынша одан жоғары - "қарыз") береді:

- автомобильді уәкілетті мемлекеттік органдарда тіркеу (есепке қою) құны;
- мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің құны;
- көлік құралын тіркеу туралы куәліктің құны;
- жылжымалы мүлік кепілі шартын тіркеу құны;
- сақтандыру сыйлықақыларының сомасы.

Қарыз алушы автомобильді кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсатта сатып алады.

1.3. Қарыз сомасы мен Қарыз мерзімі Өтінімде көрсетіледі. Қарыз валютасы: теңге.

1.4. Сыйақы мөлшерлемесінің түрі: беркітілген. Сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, Шарт жасалған күнгі СЖТМ мөлшері Өтінімде көрсетіледі.

1.5. Қарызды өтеу тәсілі: қолма-қол ақшасыз тәртіпте.

1.6. Қарызды өтеу әдісі (аннуитеттік (тең төлемдермен өтеумен) немесе дифференцирленген (негізгі борышты тең үлестермен өтеумен) Өтінімде көрсетіледі.

Осы Шартты жасасқанға дейін Банк Қарыз алушыға дифференцирленген төлемдер және аннуитеттік төлемдер әдістерімен есептелген Қарызды өтеу кестелерінің жобаларын ұсынды.

1.7. Барлық сомалар, оның ішінде Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын алу бойынша Банк шеккен, Қарыз алушының Банкке төлеген шығындары Қарыз алушының кепілін өтеуге мынадай кезектілікпен жіберіледі:

- Банктің орындауды алу бойынша шығындары;
- тұрақсыздық (өсімақы, айыппұл);
- Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;
- Сыйақы бойынша берешек;
- негізгі борыш бойынша берешек;
- төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі қарыз сомасы;
- төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген Сыйақы;

1.7.1. Егер келіп түскен сома Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушының берешегі мынадай кезектілікпен өтеледі:

- негізгі борыш бойынша берешек;
- Сыйақы бойынша берешек;
- тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл);
- төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі қарыз сомасы;
- төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;

- Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;
  - Банктің орындауды алу бойынша шығындары;
- Мерзімі қатарынан тоқсан күнтізбелік күн өткеннен кейін Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:
- негізгі борыш бойынша берешек;
  - Сыйақы бойынша берешек;
  - төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі қарыз сомасы;
  - төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген Сыйақы;
  - тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл);
  - Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер;
  - Банктің орындауды алу жөніндегі шығындары.
- 1.8. Банк осы Шарттың 1.7-тармағында көрсетілген өтеу кезектілігін дербес өзгертуге құқылы, осы Шарттың кезектілігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кезектілікті қоспағанда.
- 1.9. Негізгі борыш сомасын қайтару және/немесе ол бойынша Шартта белгіленген Сыйақыны төлеу мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен тоқсан күн ішінде Қарыз алушы Банкке мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 % (нөл бүтін оннан бес) мөлшерінде, мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) мерзімі өткен тоқсан күн өткен соң, бірақ осы Шарт қолданылатын әрбір жыл үшін Қарыз сомасының 10 % (он) аспайтын өсімпұл төлейді.
- 1.10. Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшерлері Өтінімде көрсетілген.
- 1.11. Қарыз сомасын қайтару және Сыйақыны төлеу осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Өтінішке № 1 қосымшада көрсетілген төлем кестесіне (бұдан әрі – Өтеу кестесі) сәйкес ай сайынғы төлемдермен Өтеу кестесінде белгіленген мөлшерде және мерзімдерде қолма-қол ақшасыз тәртіпте келесі жолмен жүзеге асырылады:
- ақшаны тікелей Банктің шотына аудару арқылы;
  - Қарыз алушы Банктің қашықтықтан қызмет көрсету арналары, банкоматтар, төлем терминалдары, Банк кассасы арқылы немесе Банктің Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы Қарыз алушыға жеткізілген Шотты толтырудың кез келген басқа тәсілдермен қолма-қол ақшасыз аударым жасау немесе қолма-қол ақша енгізу арқылы толықтыратын Шотты тікелей дебеттеу арқылы.
- Осы арқылы Қарыз алушы Банкке осы Шарт бойынша оның барлық төлемдерін қандай да бір құжаттарды ұсынусыз Қарыз алушының Шотын тікелей дебеттеу жолымен жүзеге асыруға өз келісімін және нұсқауын береді.
- Тараптар төлем жүргізудің мүмкін еместігіне әкеп соққан кез келген оқиға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: Қарыз алушының Шотында төлем жасалған күні қажетті мөлшердегі ақшаның болмауы, Қарыз алушының Шотына тыйым салу немесе ондағы ақшаға қандай да бір ауыртпалықтың (кепілдің) салынуы, Қарыз алушының Шотынан төлеуге ұсынылған және орындалмаған инкассалық өкімдер және/немесе төлем талаптарының болуы осы Шарт бойынша Қарыз алушының төлем міндеттемелерін орындамауы болып табылатыны жөніндегі келісімге келді.
- 1.12. Осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін Банк пен Қарыз алушы арасында Жылжымалы мүлік кепілінің шарты жасалды. Жылжымалы мүлік кепілі шартының деректемелері Өтінімде (бұдан әрі – Кепіл шарты) көрсетілген. Қарыз алушы Қарыз бойынша алынған ақша үшін сатып алған Автомобиль (бұдан әрі - Кепіл) Кепіл шарты бойынша Кепіл мәні болып табылады.
- 1.13. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда Банк қабылдайтын шаралар Өтінімде, сондай-ақ Шартта көрсетіледі.
- 1.14. Осы Шарт Тараптар Өтінімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Шартта белгіленген Қарыз мерзімінің аяқталуына қарамастан Шарт бойынша Берешектің барлық сомасы өтелген күнге дейін қолданылады.

1.15. Шарт жасалғанға дейін Қарыз алушы/Бірлесіп қарыз алушы Банкке ол туралы ақпаратты кредит бюроларына беруге және кредит бюросының Банкке ол туралы кредит есебін, сондай-ақ Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты беруге келісім берді.

1.16. Банктің дерекемелері туралы ақпарат:

Почталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 (A05E8Y2), Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы к., 61А;

Электрондық мекенжайы: [salem@freedombank.kz](mailto:salem@freedombank.kz);

Интернет-ресурс: <https://freedombank.kz/>

## **2. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ/БІРЛЕСІП ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ МЕН КЕЛІСІМДЕРІ**

2.1. Қарыз алушы/Бірлесіп қарыз алушы Өтінімге қол қоя тұрып төмендегілерге кепілдік береді:

2.1.1. Қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қарыз алуға, Автомобиль сатып алуға, Кепіл шарты бойынша Автомобильді кепілге беруге жұбайының (зайыбының) келісімін алды;

2.1.2. ол Өтінімде көрсетілген Қыз сомасынан асатын талап сомасы бар жауапкер ретінде сот процестеріне қатысушы емес;

2.1.3. оның үшінші тұлғалар алдында осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына ықпал етуі мүмкін берешегі жоқ;

2.1.4. Өтінімде көрсетілген телефон нөмірі оның артында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тіркелген және/немесе ол оны заңды негіздерде пайдаланады.

Егер осы тармақта мәлімделген кепілдіктер шындыққа сәйкес келмеген жағдайда Қарыз алушы/Бірлесіп қарыз алушы қолайсыз салдарлардың туындау тәуекелін дербес көтереді, сондай-ақ аталған кепілдіктердің шындыққа сәйкес келмеуіне байланысты Банкте туындаған келтірген залал сомасын Банкке өтеуге міндеттенеді.

2.1.5. Осы қарыз шартына қол қоя отырып, некеде тұрмайтын қарыз алушы оның қандай да бір неке қатынастарында болмайтындығын растайды.

2.2. Өтінімге қол қоя отырып Қарыз алушы Банкке қандай да бір құжаттарды және қосымша келісімдерді ұсынбастан Қарыз алушының шотын тікелей дебеттеу жолымен осы Шарт бойынша оның барлық төлемдерін жүзеге асыруға келісім берді және нұсқау берді.

2.3. Өтінімге қол қоя отырып Қарыз алушы/Бірлесіп қарыз алушы Банкке Қарыз алушының кез келген банктік шоттарынан, оның ішінде Банкте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа екінші деңгейдегі банктерінде және банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған, дара кәсіпкер ретінде тіркелген/тіркелмеген Қарыз алушының/Бірлесіп қарыз алушының банктік шоттарынан берешекті алып қоюға келісім берді.

2.4. Осы арқылы Банк Қарыз алушыны осы Шарт бойынша талап ету құқықтарын Банк үшінші Тарапқа беруі мүмкін екендігі туралы хабардар етті. Қарыз алушы осымен Банкке шарт бойынша талап ету құқықтары берілген үшінші тұлғаға қарыз алушының дербес деректерін ашуға және осындай тұлғаның қарыз алушының дербес деректерін жинауына және өндеуіне келісім береді.

2.5. Тараптар осы Шарт бойынша Қарыз алушының төлем міндеттемелерін орындамауы төлемді жүргізудің мүмкін болмауына әкеп соққан, оның ішінде, бірақ олармен шектелмейтін кез келген оқиға болып табылады: төлем күні Қарыз алушының шотында қажетті сомадағы ақшаның болмауы, Қарыз алушының шотында орналастырылған ақшаға тыйым салу немесе осы ақшаның қандай да бір өзге ауыртпалығы (кепіл), Қарыз алушының шотынан төлеуге ұсынылған және орындалмаған инкассалық өкімдердің, банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдердің және/немесе төлем талаптарының болуы.

2.6. Шарттың 4.10.1-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде Қарыз алушы Кепілді сақтандыру шарттары бойынша төленген сақтандыру төлемін Қарыз алушының қандай да бір қосымша өтінішін немесе келісімін талап етпей, Банкке оны Шарт бойынша Қарызды өтеу есебіне есепке алуға сөзсіз келісімін береді.

### **3. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **Қарыз алушы құқылы:**

3.1. Егер негізгі борышты және/немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда Сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын және айыппұл ықпалшараларының өзге де түрлерін төлемей жүргізуге.

3.2. Кез келген уақытта негізгі борыштың барлық сомасын (толық көлемде) Сыйақы төлей отырып, бірақ тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеместен, Банк Қарыз алушы қарыз сомасын мерзімінен бұрын өтегенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын Қарыз алушыдан Банк таңдаған нысан бойынша жіберілген негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша хабарлама алған жағдайда мерзімінен бұрын өтеуге.

3.3. Кез келген уақытта негізгі борыш сомасын Сыйақы төлей отырып, бірақ тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеместен, негізгі борышты Қарыз алушы ішінара мерзімінен бұрын өтегенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын Банк Қарыз алушыдан негізгі борышты ішінара өтеу туралы Банк таңдаған нысанда жіберілген жазбаша хабарлама алған жағдайда ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүргізуге.

3.4. Өзінің жазбаша өтініші бойынша Банктен 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, тегін, айына 1 (бір) реттен жиі емес жазбаша нысанда осы Шарт бойынша Берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл ықпалшараларының өзге де түрлеріне және төленуге жататын басқа да сомаларға) туралы ақпаратты алуға құқылы.

3.5. Банкке Қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өзінің жазбаша өтініші бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банктен жазбаша нысанда негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл ықпалшараларының өзге де түрлеріне және төленуге жататын басқа да сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы мәліметтерді алуға.

3.6. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда Банкке жазбаша жүгінуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жауап алуға.

3.7. Банктің ұсынысымен хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Шарттың талаптарын оларды жақсарту жағына қарай өзгерту, шарттың 4.7. тармағына сәйкес шартта көзделген тәртіппен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы өзгерістерден бас тарту.

3.8. Шарт жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл ықпалшараларының өзге де түрлерін төлеместен Қарыз берілген күннен бастап Банк есептеген Сыйақыны төлей отырып, Қарыздың барлық сомасын қайтаруға.

3.9. Мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде банкке бару және (немесе) жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы немесе шартта көзделген тәртіппен не шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өтіп кетуінің себептері, кірістері және оның шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мәнжайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын шартта көзделген тәсілмен өтінішті ұсыну, оның ішінде:

- Шарт бойынша Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай;
- негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;
- Берешекті өтеу әдісін немесе Берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге байланысты;
- Қарыз мерзімін өзгертуге;
- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің күшін жоюға;
- Банкке кепіл беру жолымен Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсыну бойынша.

3.10. Банктің 4.21-тармағында көзделген шешімін алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Келісімге қол қойылған немесе Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда бір мезгілде Банкті хабардар ете отырып, банк омбудсманына жүгінуге құқығы бар

**Қарыз алушы міндеттенеді:**

3.11. Осы Шарттың талаптарына сәйкес негізгі борыш сомасын қайтаруға және Сыйақы төлеу есебіне Банкке төлемдерді уақытында және толық көлемде төлеуге.

3.12. Қарызды тек осы Шартта көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға.

3.13. Банктің талабы бойынша Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзуына немесе орындамауына байланысты Банк шеккен шығындарды осындай талапта көрсетілген мерзімде және тәртіппен төлеуге.

3.14. Банктің талабы бойынша Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзуына немесе орындамауына байланысты Банкте туындаған залалды осындай талапта көрсетілген мерзімде және тәртіппен өтеуге.

3.15. Банкке Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдерді Өтінімде көзделген және айқындалатын мөлшерде төлеуге.

3.16. Банкке Кепілдің жай-күйін тексеру үшін қажетті құжаттарды/ақпаратты беруге.

3.17. Банк қызметкерлерінің оның жай-күйін тексеру мақсатында жүргізілетін Кепілді қарауына кедергі келтірмеуге.

3.18. Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз кепіл шарттарын жасамауға немесе өз активтеріне, мүлкіне, осы және болашақ табыстарына қатысты қандай да бір ауыртпалық жасамауға, басқа қарыздар алмауға, қарыздар, кепілдіктер бермеуге, осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұқсас заңды негізде өзге де мәмілелер жасамауға.

3.19. Банктік деректемелер, сондай-ақ Өтінімде көрсетілген заңды немесе пошталық мекенжай және өзге де мәліметтер өзгерген жағдайда 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке жаңа мәліметтерді жазбаша хабарлауға.

3.20. Үш жұмыс күні ішінде жазбаша немесе Шартта көзделген байланыс арналары арқылы Банкке шарт жасасу кезінде ұсынылған өз деректерінің өзгергені туралы, оның ішінде: ТАӘ, жеке басты куәландыратын құжаттардың, ЖСН, үй телефонының нөмірінің, телефон нөмірінің, жұмыс телефонының нөмірінің, жұмыс орнының (табыс көзінің) өзгергені, дара кәсіпкер мәртебесін иемденгені туралы, сондай-ақ Қарыз алушының қарызды қайтару және Сыйақы төлеу және/немесе Қарыз алушыны сәйкестендіру қабілетіне әсер етуі мүмкін кез келген мән-жайларды хабарлауға.

3.21. Қарыз алушының өтеу кестесіне сәйкес Қарызды өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындауына әсер ететін Шарттың талаптары өзгерген жағдайда Қарыз алушы өтеудің өзекті кестесін алу жөнінде тиісті шаралар қолдануға міндетті.

3.22. Негізгі борыш (не оның бір бөлігі) уақытында қайтарылмаған және/немесе Сыйақы төленген жағдайда Банкке осы Шарттың 1.9-тармағы шарттарында айқындалған мөлшерде өсімпұл төлеуге.

3.23. Қарыздың мақсатты пайдаланылуын тексеру үшін Банкке ол сұратқан құжаттарды Банктің сұрауда көрсеткен мерзімде және көлемде беруге. Тараптар Қарыз алушының осы тармақшада көрсетілген Банк талабын орындамауы Қарыздың мақсатсыз пайдаланылғанын растайтын факт болып табылады деген келісімге келді.

3.24. Банк қызметкерлерінің талап етуі бойынша кредит құжатын тиісті түрде қалыптастыру үшін олар сұраған құжаттарды Банк талапта белгілеген мерзімде беруге.

3.25. Банк осы Шарт бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға (оның ішінде кепіл шарты бойынша) берген жағдайда Банк көрсеткен мерзімде және шарттарда осы құқықтарды беру үшін барлық қажетті іс-қимылдарды жүргізуге.

3.26. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде және/немесе Тараптардың келісімінде белгіленген жағдайларды қоспағанда осы Шарт бойынша қаржылық міндеттемелерді Шарт жасасылған сәтте бар немесе болашақта туындайтын барлық басқа қаржылық міндеттемелерге қатысты бірінші кезектегі тәртіппен орындауды жүргізуге.

3.27. Банктен алынған талапта немесе Кепіл шартында көрсетілген мерзімде және талаптарда Банктің талап етуі бойынша кепілді сақтандыруға.

3.28. Банк алдындағы міндеттемелер толық орындалған жағдайда дербес және өз есебінен мемлекеттік уәкілетті органдарда Кепіл шарттарының негізінде тіркелген кепіл ауыртпалығын алуды жүргізуге.

*(3.29., 3.30 және 3.31. тармақтар Қарыз алушы үшін кредит беру бағдарламасына/Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес және жағдайларда қолданылады)*

3.29. Өтініштің 6.2-тармағында белгіленген сыйақы мөлшерлемесі қолданылған кезеңде Қарыз алушының Банкте ашылған банктік шотына (бұдан әрі – Банктік шот) жалақының есептелуін қамтамасыз ету.

3.30. Жұмыс берушімен еңбек шарты бұзылған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде бұл туралы Банкке жазбаша хабарлау.

3.31. Өтініштің 6.3-тармағында көрсетілген жағдайлар басталған кезде ақпараттандыру объектілері арқылы жаңа Өтеу кестесімен танысу.

#### **4. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ МЕН ШЕКТЕУЛЕРІ**

##### **Банк құқылы:**

4.1. Кепіл шартында көрсетілген Кепілдің жай-күйін келесі жолдармен тексеруге:

- ✓ оны қараумен;
- ✓ Қарыз алушының Кепіл бойынша құжаттарды/ақпаратты ұсынуды талап етумен.

4.2. Осы Шарт бойынша Қарыз алушының Берешегін өтеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз алушының өзге мүлкінен, яғни кепілден басқа, оның ішінде ақшадан өндіріп алуға.

4.3. Қарыз алушыдан осы Шартта көзделген банк қызметтеріне уақтылы ақы төлеуді талап етуге.

4.4. Қарыз алушы Қарыз сомасын немесе оның осы Шарт бойынша белгілі бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда Қарыз алушыдан Банкке тиесілі Сыйақыны төлеуді талап етуге.

4.5. Қарыз алушыдан осы Шарт бойынша оның барлық міндеттерін тиісті орындауды талап етуге.

4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз алушының келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің талап ету құқықтарын толық көлемде не ішінара үшінші тұлғаларға беруге.

4.7. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту үшін біржақты тәртіпте келесі жағдайларда өзгертуге:

- ✓ Қарыз қызметіне байланысты қызмет көрсету үшін комиссиялар мен өзге де төлемдерді азайту немесе толық алып тастау жағына қарай өзгеруі;
- ✓ тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту немесе толық жою жағына қарай өзгеруі;
- ✓ осы Шарт бойынша Сыйақы мөлшерлемесінің азаю жағына қарай өзгеруі;
- ✓ осы Шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу.

4.8. Қарыз алушы Шарт бойынша негізгі борышты және Сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, Банк құқылы:

- ✓ Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген кез келген шараларды қолдануға, оның ішінде Шарттың орындалу талаптарын өзгертуге, Шарт бойынша Берешек сомасын өндіріп алу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес соттан тыс тәртіппен/сот тәртібімен кепілге өндіріп алуға немесе;
- ✓ Қарыз алушының екінші деңгейдегі банктерде ашылған кез келген банктік шоттарындағы ақшаны алуы арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес банктік шотты тікелей дебеттеу жолымен осы Шарт бойынша берешекті өндіріп алуға;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де шараларды қолдануға құқылы.

4.9. Банк мынадай жағдайлардың бірінде Қарызды мерзімінен бұрын қайтаруды және Қарыз алушының Сыйақы төлеуін талап етуге құқылы:

- ✓ Шарт бойынша негізгі борыштың және/немесе Сыйақының кезекті бөлігін өтеу бойынша 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық мерзімі өткен жағдайда;
- ✓ Қарыз алушы Қарызды мақсатты пайдалану бойынша міндеттерін орындамаған жағдайда;
- ✓ Кепіл жоғалған немесе оның талаптары, оның ішінде Банк жауап бермейтін мән-жайлар бойынша жай-күйі нашарлаған;
- ✓ кез келген себептер бойынша Банкте құжаттар бойынша тексеру мүмкіндігі болмаған жағдайда және Қарыз алушының Кепілдің барлығын, жай-күйін және оны пайдалану шарттарын іс жүзінде тексеруге;
- ✓ Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Шартты орындаудан біржақты бас тартқан (шарттан бас тарту);
- ✓ осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

4.10. Қарыз алушыдан Кепіл шарттары бойынша Қарыз алушы берген мүлікті оындай талапта көрсетілген мерзімде және шарттарда оның жоғалу (жойылу) немесе бүліну тәуекелінен сақтандыруды жүзеге асыруды талап етуге.

4.10.1. Кепілді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы туындаған кезде, егер Қарыз алушы сақтандыру төлемін кепілдікті қалпына келтіруге бағыттау туралы өтінішпен жүгінбесе, Банктің сақтандыру төлемін кепілдікті қалпына келтіруге немесе Шартта көзделген тәртіппен қарызды мерзімінен бұрын ішінара не толық өтеуге пайдалану қажеттігі туралы хабарламасында белгіленген мерзімдерде, Шарттың 2.6-тармағына сәйкес, Қарыз алушының қандай да бір қосымша өтініші немесе келісімі талап етілмей, сақтандыру шарттары бойынша алынған сақтандыру төлемі Шарт бойынша Қарызды өтеуге бағытталады.

4.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттіктерге беруге.

4.12. Сотқа дейінгі берешекті өндіріп алуды қолдану және медиациялық келісім жасасу арқылы дауды медиация арқылы реттеу.

*(4.13, 4.14. тармақтар Қарыз алушы үшін кредит беру бағдарламасына/Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес және жағдайларда қолданылады)*

4.13. Өтініште көрсетілген мерзімде Қарыз алушының Банктік шотына жалақы аударылмаған болса және/немесе жұмыс берушімен еңбек шартын бұзу фактісі анықталған жағдайда, Өтініштің 6.1-тармағында көрсетілген сыйақы мөлшерлемесін белгілеу.

4.14. Қарыз алушының Банктік шотына Өтініште көрсетілген мерзімдерде жалақы есептелмеген және растайтын құжаттармен (декреттік демалысты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) жазбаша өтініш (еркін нысанда) болмаған кезде Банк осындай Қарыз алушыға Өтініштің 6.1-тармағында көрсетілген сыйақы мөлшерлемесін қолдануға құқылы. Растайтын құжаттармен (декреттік демалысты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) қоса жазбаша өтініш (еркін нысанда) берілген жағдайда Банк өтінішті / ұсынылған құжаттарды қарауға және Өтініштің 6.2-тармағында көрсетілген сыйақы мөлшерлемесін белгілеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

**Банк міндеттенеді:**

4.15. Қарыз алушының жазбаша өтініші бойынша осы Шарт бойынша Берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл ықпалшараларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға) туралы ақпаратты айына бір реттен жиі емес жазбаша нысанда 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз беруге.

4.16. Қарыз алушының Шарт бойынша берілген Қарызды Банкке ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы жазбаша өтініші бойынша тегін, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оған негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл ықпалшараларының басқа да түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиісті соманың мөлшерін хабарлауға.

Осы тармақтың ережесі Шарт жасасылған күннен бастап он төрт күнтізбелік күннен кейін негізгі борышты мерзімінен бұрын қайтару жағдайларына қолданылады.

4.17. Қарыз алушыны Шарт талаптарының оларды жақсарту жағына қарай өзгергені туралы олар күшіне енуінің болжамды күніне дейін 14 (он төрт) күнтізбелік күннен бұрын Шартта көзделген тәсілмен хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы, хабардар етуге.

4.18. Қарыз алушыны Шартта көзделген мерзімде және тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы, бірақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге:

✓ Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алу және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі,

✓ Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы;

✓ Қарыз алушының Банкке жүгіну құқығы туралы.

4.19. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Қарыз алушының жазбаша өтінішіне жазбаша жауапты қарауға және дайындауға.

4.20. Шарт (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) бойынша Банк құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шартты жасасу кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге:

✓ талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы, өңдеу туралы;

✓ Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы, үшінші тұлғаға құқықтың (талап етудің) өтіп кетуі туралы Шарт жасасылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде үшінші тұлғаға Қарызды өтеу жөніндегі одан арғы төлемдердің (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері) мақсатын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын көрсетумен және төлеуге жататын басқа да сомалар туралы.

4.21. Шарттың 3.9-тармағында көзделген Қарыз алушының жазбаша өтінішін алғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде Шарттың шарттарына ұсынылған өзгерістерді қарауға және Қарыз алушыға жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы, хабарлауға:

- Шарт талаптарына ұсынылған өзгертулер бойынша келісімін;
- Шарт талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсыныстарының тізбесін;
- мұндай бас тарту себептерінің дәлелді негіздерін көрсете отырып Шарттың талаптарын өзгертуден бас тартуға.

4.22. Қарыз алушыдан Шарт жасасылған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл ықпалшараларының өзге де түрлерін ұстап қалмастан Қарыз берілген күннен бастап есептелген Сыйақыны ұстай отырып, Қарызды қабылдауға.

**Банктің құқығы жоқ:**

4.23. Осы Шарт шеңберінде комиссиялардың және өзге де төлемдердің жаңа түрлерін бір жақты тәртіппен енгізуге.

4.24. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сыйақы мөлшерлемесін Шарт жасалған күні белгіленген ұлғайту жағына бір жақты тәртіппен өзгертуге.

4.25. Қарызды мерзімінен бұрын өтеу үшін айыппұл немесе өзге де айыппұлдық санкцияларды өндіріп алуға.

4.26. Егер негізгі борышты немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл ықпалшараларының өзге де түрлерін өндіріп алуға және Сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

4.27. Егер Қарыз беру туралы талаптарда сақтандыру шарттарын жасасу және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын айқындау мақсатында бағалау жүргізуге талаптар көзделсе, Қарыз алушыны сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны

таңдауда шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге.

4.28. Қарыз алушымен Шарт жасасу күніне белгіленген Қарызға қызмет көрсету жөніндегі комиссиялар мен өзге де төлемдердің мөлшері мен есептеу тәртібін бір жақты тәртіппен ұлғайту жағына өзгертуге.

## **5. ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ТӘРТІБІ**

5.1. Банк Қарыз алушыға Кепіл шартын жасасқаннан, Қазақстан Республикасының "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Заңына сәйкес кепілді мемлекеттік тіркегеннен және Қарыз алушының Шарттың 5.2-тармағын орындағаннан кейін Қарыз береді.

5.2. Қарыз алушының Қарызды мақсатты пайдалануын қамтамасыз ету үшін Қарыз алушы өтінішпен бірге төлем құжатын ұсынуға міндетті.

5.3. Егер Шарт жасасылған және Қарыз берілген күндер сәйкес келмеген жағдайда Сыйақының нақты сомасы және осы Шарттың талаптарына сәйкес есептелген Қарыз бен Қарыз бойынша Сыйақының жиынтық мәні өтеу кестесінде нақтыланады.

5.4. Тараптар арасындағы Қарызды пайдаланғаны үшін негізгі борышты қайтару және Сыйақы төлеу жөніндегі есеп айырысулар төлем кестесіне сәйкес мерзімде және мөлшерде жүргізіледі.

5.5. Банкке комиссияны және Шартта көзделген Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді төлеу Банк шотын тікелей дебеттеу жолымен немесе Қарыз алушының Банк кассасы арқылы қолма-қол төлем жасауы арқылы Банктің шоттан ақша алуын жасау арқылы жүзеге асырылады.

5.6. Қарыз алынған күн Қарыз алушының шотына қарыз сомасы түскен күн болып табылады.

5.7. Қарызды пайдаланғаны үшін Сыйақыны есептеу Қарыз алушы алған және ол Банкке төлемеген Қарыз сомасына Қарыз алынған күннен кейінгі күннен бастап жүргізіледі.

5.8. Негізгі борышты қайтару бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда Банк мерзімі өткен негізгі борышқа мерзімі өткен әрбір күн үшін осы Шартта белгіленген мөлшерде Сыйақы (пайыздар) есептейді.

5.9. Негізгі борыш сомасын қайтару және/немесе ол бойынша Сыйақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда өсімпұл есептеу мерзімі өткен берешек сомасына жүргізіледі.

5.10. Егер Шарт бойынша есеп айырысудың соңғы күні демалыс немесе мереке күніне келетін болса, бұл күн ағымдағы немесе одан кейінгі айдың болатынына қарамастан одан кейінгі операциялық күнге ауыстырылады.

5.11. Шарт жасасу кезінде Банк Қарыз алушыға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпке сәйкес Қарыз бойынша СЖТМ есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен өзге де төлемдерді алу көзделмеген Кредиттеу талаптарын, сондай-ақ Банктің Сыйақы мөлшерлемесінен басқа, Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты және осы Шартта көзделген комиссиялар мен өзге де төлемдерді алу құқығын көздейтін Кредиттеу талаптарын таңдауға берді. Қарыз алушы СЖТМ есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен өзге төлемдерді алу көзделген кредиттеу шарттарын таңдады.

